

Орманға саяхат

Калиева Айгерим Манарбековна
"Айжұлдыз" бөбекжай-балабақшасы" КМҚК
педагог-психолог

Мақсаты: Балалардың эмоционалды ерік-жігерлерін байыту, қорқыныш сезімінен арылу, өзара көмектесу сезімін дамыту, бір-біріне деген жағымды қарым-қатынасты тәрбиелеу.

Қатысушылар: ортаңғы топ балалары.

Қажетті құралдар: өзен, ағаштар, тастар, аудио-жазбалар, түрлі – түсті борлар, қағаз беттері, қуыршақ және екі бет маскасы.

Сабақ барысы:

Педагог-психолог психогимнастикадан бастайды «Балалар терезеге қарандаршы, бизге күн өзінің көңілді күн сәулесін шашып тұр». Терезеге жақындап, сәулені алып балаларға береді: «Қарандаршы қандай жылы және көңілді, енді осы сәулені оң жақта тұрған досыңа күлімсіреп беріп, көргеніңе қуанышты екеніңді айтайық».

Педагог-психолог: Балалар ме сендерге сабаққа келе жатқанда бір қоянды кездестіріп қалдым. Ол бізге бір хат алып келіпті, қазір оны оқып беремін: «Балалар, орманда бір бала адасып қалыпты, оған қайтар жолды табуға көмектесіңдерші. Орман жануарлары». Балалар, қалай ойлайсыңдар ормандағы бала қандай күйде отыр? (Оған қорқынышты, ол жалғыз, жылап отыр, үйге қайтқысы келеді). Біз оған қалай көмектесе аламыз? (Орманға аттанып, баланы тауып, үйіне жеткізуіміз керек).

Педагог-психолог: Орманға барып, балаға көмектесетін балалардың өздері мықты болу керек және әрдайым бір-біріне көмектесулері керек. Ал енді орманға аттану үшін көзімізді жұмып, сиқырлы сөзімізді айтайық: «Алақай, балақай, сүф!».

Жарық сөніп, мазасыз әуен ойнайды.

Психолог: Міне, біз орманға да келіп жеттік. (Балалар жан-жақтарына қарап келе жатады). Алдымызда үлкен шыршалар, қалың бұтақтар. Міне, өзенге де келіп қалдық, бұл өзеннен тастардың үстімен секіріп өтейік. (балалар аяқтарының ұшымен секіреді).

Тыңдаңдаршы! Үкінің дауысы, бұтақтардың сыңғыры. Біреу жасырынып отырған сияқты. Біздің жоғалып кеткен баламыз ба екен?

Балалар жасырынып отырған бетіне қорқыныш маскасын киіп алған қуыршақты тауып алады. Оны жұбатып, үйіне қайтуға көмектесетіндері жайлы айтады.

Психолог: Балалар қалай ойлайсыңдар, бұл баланың аты кім? Кәне барлығымыз өз есімдерімізді атап, танысайық. Баланың есімі Олжас екен. Ал енді барлығымыз жайғасып, біраз тынығып,

әңгімелсейік.

Балалар психологтың сұрақтарына жауап береді.

- Қалай ойлайсыңдар Олжас орманда адасып кеткенде қандай күйде болды?

- Сендер оны қайдан білдіңдер?

- Олжастың бет әлпеті қандай көңілде болды? Кәне көрсетейікші?

- Сендердің бет әлпеттерін қорқыныш сезімін сезгенде қалай өзгереді?

- Олжастың орнында өздеріңді қалай сезінер едіңдер?

- Қалай ойлайсыңдар Олжас неге орманда адасып кетті?

- Ал сендер неден қорқасыңдар? Кәне суретін салайықшы.

Балалар қағаз бетіне өздерінің қорқыныштарын салады. Жайлы әуен қосылып тұрады. Балалар не салғанын және қандай түстер қолданғанын айтады.

Психолог: балалар сендерге қорқу ұнай ма? (балалардың жауабы). Ия, дұрыс айтсыңдар, бұл жағымсыз сезім. Өздерінің қорқыныштарына қарандаршы, сендер олармен не істегілерін келеді? (балалардың жауабы). Қорқыныштарыңды жыртып қоқыс жәшігіне салайық, ал мен оны ешкім таппайтын жаққа көміп қояйын. (балалар келіседі).

Психолог: Балалар, қарандаршы Олжастың көңілі көтеріліп қалғандай (қуыршаққа алдын ала бет маскасын ауыстырып қояды). Ол қандай сезімде? Ия, сендер өз қорқыныштарыңды жеңіп, мықты екендеріңді көрсеттіңдер.

Психолог (релаксация кезеңі): Мен сендерге жайлы жайғасып, көздерімізді жұмып, демалуларыңды сұраймын. Көз алдарыңа олрманда келе жатқандарыңды елестетіңдер. Алдарыңда әдемі сарқырама тұрғанын елестетіңдер. Сапқыраманың суы сендрдеің денелеріне тиіп, бұлшықеттеріңді босаңтады. Ал енді көздеріңді ашыңдар. Сиқырлы жолмен біз қайта балабақшамызға оралдық.

Олжас досымыз орманда адасып жүргенде сиқырлы тастары бар дорбаны тауып алыпты, соны сендерге бергім келеді. Егер бойларыңды қорқыныш алса, онда осы тастарға қарасаңдар қорқыныш сезімдерің сейіліп кетеді.

Психолог (рефлексия кезеңі): Балалар сендерге біздің саяхатымыз ұнады ма? Ең ұнағаны не? Олжасқа қалай көмектестіңдер? Өздеріңе қандай шешім қабылдадыңдар? (Балалардың жауабы) Рахмет сендерге балалар! Сау болыңдар!